

Key words: Pituitary cytotoxic serum, immunity, resistance, immunoglobulins, total protein.

ӘОЖ 636.32.082(574)

Зуай А., Шаугимбаева Н., Құлатаев Б., Құмғанбаева Р.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«АЖАР» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ГИССАР САУЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨЛДЕГІШТІГІ
ЖӘНЕ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Аннотация

Мақалада Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Ажар» шаруашылығында гиссар тұқымының қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді және еділбай саулықтарымен будандастыру арқылы тәжірибе жүргізілді. Алынған нәтижелер бойынша ІІІ топтың қозыларының өміршеңдігі мен саулықтарының төлдегіштігі сарапталды.

Түйін сөздер: қой, тұқым, сойыс, іріктеу, жұптау, еділбай тұқымы, гиссар тұқымы.

Кіріспе

Қой өнімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі, оның төлдегіштік қасиеті. Қойды өз төлінен өсіруді ғылыми негізде ұйымдастырмайынша, қой шаруашылығы өнімдерін жақсарту, сонымен бірге қой санын жеделдете өсіру мүмкін емес екендігі әркімге болса да түсінікті.

Қой шаруашылығына өндірілетін өнімдер және оның рентабельділігі жас төлдерді адам талабына сай бағыттап өсірудің сапасына байланысты болмақ. Ол үшін өсіріліп отырған қой малының төлдегіштілік және ұрпағының сақталғыштылық қабілетін ұрпақтан ұрпаққа барынша бекіту керек.

Зерттеулер көрсеткендей, саулықтардың төлдегіштігі генетикалық факторларға және сыртқы орта жағдайларына, қой тұқымына, жасына, қондылығына, дене салмағына, азықтандыру деңгейіне және көптеген басқа факторларға байланысты болады.

Қазіргі таңда, көптеген ғалымдар да малды өз төлі есебінен төлдегіштікті арттыра түсу және өзіндік құнын арзандату, малды көбейтудегі қолданылатын жүйелер сияқты мәселелермен шұғылданып келеді.

Тірі организм өзін - өзі ұдайы жетілдіріп отыратын ашық система болғандықтан, ол өмірінің барлық кезеңінде өзі қоршаған ортамен тығыз байланыста болады. Сыртқы орта факторлары организмнің өсіп – жетілуіне, көбеюіне, өміршеңдігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан, сыртқы ортамен тірі организмнің қатынасын зерттеудің маңызы зор. Малдар өсімталдығы олардың өнімділігінің басты белгілерінің бірі екені белгілі.

Қоршаған ортаның жағдайлары жақсаруы қойлардың ағзасына оң әсерін тигізеді. Қозылардың туылғаннан өсуі мен өміршеңдігі енесінің сүттілігімен де, енесімен бағылудағы жас төлдің азықтану жағдайына да байланысты болатыны белгілі.

Оңтүстік – шығыс Қазақстан аймағы жағдайларында тәжірибе топтарындағы будан қойларының өсімталдығы жеткілікті деңгейде болды.

Бұл зерттеулерде алға қойған мақсат будандарға байланысты саулықтардың ұрықтануын, төлдегіштігін, алынған төлдер өміршеңдігін анықтау.

М.А.Шаршанкулов., Е.Е.Есентаев [1] мәліметтерінде енесінің сүтін еміп жүрген қозыларды қосымша жайылымға бақса, онда олардың құйрығына жинаған майы

салмағына сәйкес келеді дейді. Қозылардың өсу энергиясы енесін емген уақытында жоғары болғандығын көрсетеді.

Р.С.Хамицаев., З.М.Калабаев [2] мәліметтеріне қарағанда қозы бастарының сақталуына кері әсерін тигізетін факторлар мыналар: енесінен қозының адасып кетуі, қозылардың белсенділігі-туғаннан кейін 10-13 минут аралығында тұру керектігі айтылады, буаздық кезеңіндегі енелерінің салмақтарына байланысты болатынын, осылардың әсерінен қозылардың сақталуы төмендейді дейді.

Зерттеулер нысандары мен әдістері

Қой шаруашылығынан өндірілетін барлық өнім түрінің экономикалық тиімділік деңгейіне тікелей әсерін тигізетін себептердің негізі болып – аналық малдардың өсімталдық қабілеті болып табылады.

I топқа гиссар тұқымдық қошқарлары мен еділбай саулықтары, II топқа гиссар тұқымдық қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтары, III топқа еділбай қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтары алынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша, барлық топтағы аналық малдардың өсімталдық қабілетінің, оның ішінде төлдегіштілік көрсеткіші мейлінше жоғарылығымен ерекшеленеді (5-кесте). Сонымен біздің тәжірибеге алынған барлық үш топ бойынша туған әрбір 100 бас саулыққа шаққандағы төлдегіштігі 105,3 – 106,0 % аралығын құрап отыр. Бұл қалыпты көрсеткіш болып табылады. Соның ішінде, II топтағы саулықтардың төлдегіштілік қабілеті келесі топтарға (I және III топ) қарағанда 0,01 және 0,7 % басымдылық көрсетуде. Ал I топтағы саулықтардың осындай көрсеткіштері, соңғы топтан тиісінше 0,6 % жоғары болды.

1 кесте - Саулықтардың төлдегіштігі

Топтар	Ұрықтандырыл- ған саулықтар саны, бас	100 саулықтан алынған қозылар			
		туылғандағы		енесінен бөлгендегі	
		бас	%	бас	%
I	188	199	105,9	196	104,2
II	184	195	106	190	103,3
III	190	200	105,3	196	103,2

Біздің мәліметтерімізге қарағанда 4-4,5 айлық қозылардың енелерінен бөлгендегі сақталғыштығы 103,2-104,2 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 1,0 және 0,9 % жоғары болып отыр. Ал II топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 0,09 % басым болды.

2 кесте – Қозылардың туылғаннан 18 айына дейінгі сақталуы

Топтар	Қозылар		Туылғаннан 4- 4,5 айына дейінгі		4-4,5 айынан 12 айына дейінгі		12 айынан 18 айына дейінгі		Туылғаннан 18 айына дейінгі	
	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%
I	199	100	5	2,5	5	2,5	6	3,1	16	8,1
II	195	100	6	3,1	5	2,6	7	3,6	18	9,2
III	200	100	7	3,5	4	2,0	6	3,0	17	8,5

Жалпы айтқанда, барлық топ қозыларының сүт ему кезеңіндегі олардың сақталғыштығында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Біздің ойымызша, қозылардың сүт ему кезіндегі жағдайының қолайлы кезеңінің әсері болып саналады. Ал тәжірибеге алынған малдардың енелерінен 12 айлықтарына дейінгі айырмашылықтары байқалуда. Соның ішінде, II топтағы малдардың сақталғыштығы келесі топтардан (I және III топ) 3,8 және 23,1 % жоғары болып отыр. Ал I топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 20,0 % басым. Туылғаннан 18 айына дейінгі сақталғыштығы бойынша салыстыратын болсақ, II топтағы малдар келесі топтардан (I және III топ) 12,0 және 7,6 % жоғары болып отыр. I және II топтағы малдардың, келесі топқа қарағанда, мейлінше жоғары сақталғыштығымен ерекшеленгендігін немесе осы аймақта мал өсіру жағдайына жақсы бейімделгендігін көрсетеді.

Қойларды өсіру мен өміршеңдігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып белгілі бір уақыт аралығындағы мал шығынының үлесі саналады (7 кесте).

Біздің көрсеткіштерімізге қарағанда бір жылдағы кеткен қозылардың шығыны 2,5-3,0 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін және де зоотехникалық нормаға сай келетінін айта кеткен жөн. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 2,3 және 16,7 % жоғары болып отыр. Ал II топ соңғы топтан тиісінше 14,7 % басым.

3 кесте – Бір жылдағы кеткен қозы шығынының есебі, бас

Топтар	n	Жыл айлары												Барлығы
		III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	I	II	
I	199	2	2	1	-	-	1	-	-	-	-	2	2	10
II	195	2	1	2	1	1	-	1	-	-	1	1	1	11
III	200	3	2	1	1	-	-	-	1	-	1	1	1	11

Қозылардың шығындауына әкеп соқтырған себеп-салдар: бонитировка кезінде бракқа, айналпас ауруына шалдыққан, жылан шаққан, тұяғы құрттаған, жардан ұшқан, қатты аязда өкпесіне суық тиген, қасқыр талаған міне осындай жағдайлардан шығын болған.

4 кесте – Бір жылда кеткен саулықтар шығынының есебі, бас

Топтар	n	Жыл айлары												Барлығы
		III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	I	II	
I	199	2	1	-	-	-	1	1	-	-	1	2	1	9
II	195	2	1	2	1	-	-	1	-	-	1	1	1	10
III	200	3	2	1	1	-	-	-	1	1	-	-	1	10

Зерттеу нәтижелерінен бір жылдағы кеткен саулықтардың шығыны 2,3-2,58 % аралығын құрайды, саулықтардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін және де зоотехникалық нормаға сай келетінін көрсетеді. Әсіресе, I топтағы саулықтардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 10,8 және 3,1 % жоғары болып отыр. Ал III топта, I топтағы малдардан тиісінше 8,0 % басым.

Қорытынды

Сонымен, будан қойлардың өсімталдығы мен өміршеңдік көрсеткіштері олардың оңтүстік – шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігінің дәлелі болып табылады.

Әдебиеттер

[1] «Ажар» шаруашылығында өсірілетін еділбай, гиссар және қазақтың биязы жүнді қойларынан алынған будандардың ет өнімділігінің ерекшеліктері. Ізденістер, №3, 2016 ж.

[2] «Ажар» шаруашылығында өсірілетін гиссар тұқымдық қосқарлардың өнімділігінің ерекшеліктері. Ізденістер, нәтижелер ғылыми журналы, №4, (072) 2016 ж. 30-35 беттер

[3] Будан қозылардың өсіп – жетілуі. «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы ғылым мен білімнің басымды бағыттарының жаңа стратегиясы» Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 85-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, III –том Алматы, 27-28.XI.2015. 328-332 беттер.

[4] Адылқанова Ш.Р., Садықұлов Т.С., Ким Г.Л. Особенности роста и развития казахской курдючной полугрубошерстной породы овец (внутрипородный тип «Байыс» первый международный ветеринарный конгресс) Алматы, -2002 г. –С. 23-26

Зуай А., Шаугимбаева Н., Кулатаев Б., Кумганбаева Р.М.

Казахский национальный аграрный университет

ЖИЗНЕСПОСОБНОСТЬ ЯГНЯТ И ПЛОДОВИТОСТЬ ГИССАРСКИХ ОВЕЦ РАЗВОДИМЫХ В ХОЗЯЙСТВЕ «АЖАР»

Аннотация

В статье указаны продуктивные показатели ягнят сравниваемых групп по жизни способности и плодовитости маток разводимых в хозяйстве "Ажар" Алматинской области. Результаты показали, что ягнята и в трех группах показали хорошие результаты.

Ключевые слова: овцы, порода, убой, отбор, подбор, эдильбаевская порода, гиссарская порода.

Zuai A., Shaugimbaeva N., Kulatayev B., Kumganbayeva R.

Kazakh national agrarian university

VIABILITY OF LAMBS AND FECUNDITY OF GISSAR SHEEP IN THE "AZHAR" FARM

Abstract

The article shows the productive indicators of lambs of the compared groups on the life of the ability and fertility of the queens bred in the "Azhar" farm in the Almaty region. The results showed that the lambs and the three groups showed good results.

Key words: sheep, breed, slaughter, selection, selection, Edilbaevskaya breed, gissar breed.

UDK 636.084:122.7

Zuai A., Sambetbayev A., Shaugimbaeva N.N., Kulatayev B.T., Kumganbayeva R.M.

Kazakh national agrarian university

TECHNOLOGY OF SHEEP BREEDING

Abstract

The results of research work on the study of effective feeding of sheep of the farmed "Azhar" Zhambyl district of Almaty region.

Key words: sheep, sheep breed, lines, meat, wool, selection, meat seed, lamb.

Introduction

Following technologies are used in sheep breeding: pasturable, year-round stabling, stabling-pasturable and pasturable-stabling.

At present time sheep breeding uses technologies which are based on the extensive use of pastures. The animals are kept on natural pastures all year round, and in winter they are fed with coarse and concentrated feeds. Sheep grazing requires a strictly considered plan because pasture vegetation is not the same in different seasons. Pastures can be long-fallow, mountainous, forest, virgin and marshy lands.

Virgin pastures can be used in spring when the grass is still green or in autumn when the grass is green from the rains. Grass of fallow pastures burns less and can be used in summer. Mountain and foothill pastures are used in summer before rainfalls start. Forest pastures are the least suitable for sheep. In hot areas where droughts are possible, firstly, fescue and bluegrass - wormwood pastures are used to feed sheep. The second place of feather grass pastures but they should be used no later than in May and early June, when seeds of feather grass are not ripe. They heavily pollute the sheep wool or they pierce the skin, leading to animal diseases.

But if natural grassland is not enough sheep are transferred to the basis of stabling technology. Technology of year-round stabling is used in the areas with intensive agriculture and developed fodder production. Sheep breeding with this system is used in Siberia and Central Russia. Permanent buildings with insulated roofs and attic covering are built for animals. Pasturable-stabling technology of sheep breeding is applied in the North Caucasus and Pre-Caspian regions. Sheep farmers prefer to stabling-pasturable system in the areas with lots of pastures but harsh winter.

Pasturable-stabling system is characterized with presence of lightweight verandas for sheep at winter pastures which are called bases. These bases are mounted for sheep if the winter is of short duration and temperature does not drop below -20°C . A simple sheepfold with low walls is built and closed part of the base is used only for lambing if the winter is with strong fluctuations in temperature and winds.

Large sheep farms divide ewes, young stock and rams into special flocks and during stabling period they are in different sheepfolds. If the number of sheep is small the entire herd is placed in one place that is partitioned with shields or feeders in order to divide the sheep by sex and age.

Currently farmers use a lot of manual labor in sheep breeding, they often combine traditional technologies of sheep keeping, which leads to higher costs; pasture and forage lands are poorly managed and all of these reduces the profitability of sheep farming. It is necessary to use modern technology to reduce production costs.